

## КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТӘСІЛДЕРІ

*Жағалов Р.Б., з.ғ.м., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының оқытушысы.,*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Ильясова М.Т., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының доценті,*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Құқық қорғау механизмі ретінде қорғау тәсілдерін іске асыру деп түсінеді, яғни құқықты бұзуға дейінгі жағдайды қалпына келтіру мен құқықты тануды аяқтайтын құқық нормаларды қолдану үрдісі немесе құқықты бұзу және оны бұзуға қауып төндіретін қатыстарды әрекетті алдын алу.

Объективті өмір сүретін азаматтың құқықты қорғау түрлері және жүзеге асыру мүмкіндіктері қорғаныстың келесі механизмдеріне әкеліп соқтырады. өзін-өзі қорғау; келіспеушіліктерді соттан тыс тәртіпте реттеу; арыздар мен өтініштерді бағынушылық тәртіпте атқарушы билік органдары арқылы шешу; қорғанысты прокурорлық бақылау арқылы жүзеге асыру; конституциялық қорғаныс; азаматтық кодекс заңнамада қарастырылатын экономикалық дауларды жалпы юрисдикциялық соттарда және төрелік соттарда қарастыру; Азаматтық – құқықтық табысы бар экономикалық дауларды аралық соттарда қарастыру. Заңмен қарастырылған Азаматтық кодекс. Мысалға оларды қарайтындар, мемлекеттік-мәжбүрлеу шараларын қабылдауды талап етіп, құзырлы мемлекеттік органдарға (прокуратура және т.б.) шағымдану құқығы.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау механизмі әртүрлі қорғау тәсілдері мен өзге де талаптарды болжайды.

Біздің көз қарасымыз бойынша құқық қорғау механизмі бұл қорғау тәсілдерін жүзеге асырылуы деп ойлаймыз.

Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау механизмдерінің келесідей түрлері бар:

1. Әрбір кәсіпкерлік субъектісінің өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға құқығы бар.

Кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған немесе даулы құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де тәртіппен (төрелік, медиация, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл, омбудсмен, келіссөздер, наразылық тәртіп және өзгелер) жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағым жасау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Заңдарда арнайы көзделген жағдайларда, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау құқығы бұзылған кәсіпкерлік субъектісінің тікелей іс жүзіндегі немесе заңдық әрекеттерімен (өзін-өзі қорғау) жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазіргі заңнамаға сүйенетін болсақ қорғаудың біз екі нысанын көрсетеміз:

Бірінші яғни қорғаудың соттағы нысаны. Кәсіпкерлік субъектілері бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінде белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Тараптары кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дауларды сотқа дейін реттеу

1. Құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кәсіпкерлік субъектілері осы құқықтарды бұзушымен дауды тікелей реттеу мақсатында оған Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жазбаша кінәрат қоюын білдіреді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау міндетті емес болғанда, кәсіпкерлік субъектісі өзінің бұзылған құқығын қорғау үшін тікелей сотқа жүгінуге құқылы.

3. Даулар сотқа дейінгі тәртіппен реттелмеген жағдайда, кәсіпкерлік субъектісі Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінде белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Екінші қорғаудың соттан тыс нысандарына тоқталып өткен жөн:

1. Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) шартта көзделген мынадай нысандарда:

1) төрелікте;

2) медиация қолдану арқылы;

3) партисипативтік рәсім тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғаудың басқа да соттан тыс нысандары белгіленуі мүмкін.

3. Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын келіспеушіліктерді реттеу мақсатында кәсіпкерлік субъектілері осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге, омбудсменге жүгінуге құқылы [1].

Ережеге сай қызмет ететін заңнама кәсіпкерге өзінің құқығын қорғау үшін жағдайға байланысты қорғаныс түрлерін және орындалу тәртібін таңдауға кедергі келтіре алмайды.

Біздің ойымызша кәсіпкерлердің құқығын қорғау түсінігінде белгілі бір форма жүзеге асатын, анықталған шаралармен, заңнамада анықталған шекаралармен жүзеге асатын, бұзушыларға заңды жауапкершілік шараларын қолданатын, сонымен қатар осы шараларды тәжірибе жүзінде іске асыратын механизмдер және бұрынғы немесе даулы құқықтар мен мүдделерін мойындау немесе қайта қарау бойынша бекітілген шаралардың нормативтік жиынтығын қарастырып өткен жөн.

Кәсіпкерлердің заңды мүдделерімен құқықтарын қорғау - заңмен қарастырылған құқықтардың бұзылмауына, олардың орындалуына, бұзылған жағдайда қайта қалпына келтіруге және бұзу салдарын жоюға бағытталған жүйе. ҚР АҚ 9 бабы құқықтарды қорғап, оларға жағдай жасап және қорғау тәртібін орналастыратын төрелік сотта болатынын бекітеді [2].

Азаматтық құқығының ұстанымдарының негізі боп Азаматтық Кодекстің 2 бабында бекітілген жеке шаруаларға басқа адамдардың кіріспеуі жайлы мағлұматпен кәсіпкер танысуы тиіс. Бұл ұстанымдық ұғымның бірі - үкімет пен басшы органдарға кәсіпкерлердің өз дүние - мүліктерін жұмсауларында ықпал етпей, өз кірістерін бөлісіп, табыстарын пайдалануда шектеу қойылмаулары қарастырылады. Сондай-ақ талаптар тікелей заңмен бекітілмеген жағдайда қандай да бір ақпарат, келісім талап ете алмайды.

Біздің пайымдауымызға байланысты алдымен яғни біріншіден, кәсіпкерліктің мазмұнын түсініп алған жөн. ҚР кәсіпкерлік кодекстің 2 бабында келесі анықтаманы береді:

Кәсіпкерлік - Азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашылық қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [1].

Кәсіпкерлік қызметтің анықтамасынан, шаруашылық қызметтің белгілері былайша сипатталады яғни:

- а) нарықтағы өнімнің, қызметтер мен жұмыстардың еркін сатылымы арқылы табыс табу;
- б) кәсіпкердің өз еркімен ғана жүзеге асады. Басқарушы органдардың бұйрығымен орындалған қызмет түрі кәсіпкерлікке жатпайды;
- в) кәсіпкердің толық дүние - мүлкінің негізінде жүзеге асады. Кәсіпкер өз дүние-мүлкінің меншігі болып табылады, және толық шығындардың тәуекелі өз мойнында болады;
- г) кәсіпкер азаматтық айналымда өз атынан жұмыс істейді.

Екіншіден, кәсіпкерлердің атқаратын құқық қызметтерінің бірден бір маңыздылығы олардың (кәсіпкерлердің) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Мысал келтіретін болсақ, азаматтық заңнаманың бастамаларына мыналар кіреді:

- азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру;
- нұқсан келтірілген құқықтарды қалпына келтіру;
- бұзылған немесе нұқсан келтірілген құқықтарды сот жолымен қорғау.

Азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік: құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттердің жолын кесу; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу; дау айтылатын мәмілені жарамсыз деп тану және оның жарамсыздығы салдарын қолдану, маңызсыз мәміленің жарамсыздығы салдарын қолдану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін актісін жарамсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану; азаматқа немесе заңды тұлғаға құқықты иеленуіне немесе жүзеге асыруына кедергі келтіргені үшін мемлекеттік басқару органынан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырады.

Сонымен қатар, қолданыстағы заңнамада құқықтары бұзылған тұлғалардың тікелей деректермен немесе заңды тұрғыдан азаматтық құқықтарын қорғаудың мүмкіндігі бар деп айта кеткен жөн.

Азаматтық қорғаудың бұл тәсілдерін кәсіптік қызметтердің субъекттері толық көлемде жүзеге асыра алады. Сонымен қатар ҚР Азаматтық Кодексінің 10 бабына және 3 бабына сәйкес кәсіпкерлердің құқығы заңнамаға қайшы келмейтін қызмет атқаратындар заңмен қорғалады деп бекітілген, қорғаушылар: 1) Кәсіпкерлік қызметті лицензия талап етпейтін қызмет түрінен басқа жерде біреудің рұқсатынсыз жүргізу мүмкіндігінің болуы. ҚР Азаматтық Кодексінің 10 б. Қазақстан Республикасының әрбір азаматының арнайы (лицензия) рұқсат талап ететін қызметтерден басқа кәсіпкерлік қызмет істеуге шектеулер қойылмайды. Кәсіпкерлік лицензиялау қызметінің басты мәселесі өздіктерінен немесе тиесілі емес мемлекеттің және азаматтың мүддесін бұзушылықта шек қою керектігі. Кәсіпкерлік лицензиялаудың негізінде 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V қабылданған Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңнаманың негізі кіреді. Лицензияны беру талабында қандай да бір бұзушылық байқалса, ондай жағдайда ол күшін жойған болып есептеледі. Барлық алдын - ала тоқтату негіздері, қайтарып алулар, лицензияны тоқтату әрекеттері немесе күшінің жойылғанын мойындау, заңнамамен бекітіліп жемқорлықты болдырмас үшін қатал қадағалану керек туралы жазылған.

2) Экономика саласында кәсіпкерлікті тіркеудің бір ғана тіркеу органында тіркеу тәртібімен жеңілдеуі керектігі. Қазақстан Республикасының 1995 ж. 17 сәуірінен шыққан «Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі және филиалдар мен өкілдердің тіркеу есебі» Заңында заңды тұлғаның жалпы тіркеу реті бекітілген, ол сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатындарға да қатысты болмақ. Тіркеу барысында кәсіпкерлік қызметтің заңдылығы тексеріледі. Кейбір жағдайда жөнсіз сілтемелерге басып (тауар мен қызметтерге сұраныс жоқ, үлкен таласушылық және т.б.) тіркеуді тоқтатуға тыйым салынады. Арыз беруші кәсіпкер бір ғана тіркеу органына өтініш білдіруі тиіс. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу заң талаптарына сай орындалса, онда тіркеу органы тіркеуден бас тартып немесе қосымша рұқсат қағаздарын сұрауға құқылы емес. Берілген заңның 6 бабы заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелу қағидаларын қарайды.[3]

Заңды тұлға тіркеуге тұру үшін тіркеу органына Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі бекіткен өтініш пен құрылтай құжаты, мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 данада тапсырылады. Өтініш, құрылтайшы құжатымен бірге құрылтайшымен немесе оның уәкілетті адамымен Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша өткізіледі.

Сондай-ақ тіркеу органына заңды тұлғаның тұратын жерін растайтын құжат, заңды тұлғаны тіркеуге мемлекеттік қорға алымның төленуі туралы түбіртек беріледі. Шағын кәсіпорынның субъектілері олардың тұратын жерін растайтын құжат тапсырмайды. Заңда және басқа да заңнамалық актілерде көрсетілмеген құжаттар мен ақпараттар талап етуге тыйым салынады деп көрмесітілген.

Тіркеудің мәні оның жариялық жағдайын туындатады, себебі тіркеу органдары арқылы заңды тұлғаларды сипаттайтын мемлекеттік және коммерциялық құпия емес ақпаратпен, материалдармен кез келген адам танысуына болады. Коммерциялық құпияны заң жүзінде сақтау кәсіпкерлердің мүдделерін қорғаудың басты шарасы болмақ (ҚР АҚ 42 б.). Коммерциялық (кәсіпкерлік) құпия заңмен қорғалады. Мәліметтердің коммерциялық құпия құрайтын тағайындау тәртібі, қорғау амалдары, сондай-ақ коммерциялық құпияның құрамына кірмейтін мәліметтер тізімі заңнамамен бекітіледі. Өздерінің жұмыс бабымен тексеру қызметін, тергеу немесе сот шараларын орындайтын тұлғалар коммерциялық құпияны жария етпеуге міндетті болып табылады.

3) Мемлекеттік органдарының заңнамалық актілерімен кәсіпкерлік қызметті тексеруге шектеулер қойылады.

4) Заңнамалық актілерде көрсетілген заңды негізде ала отырып кәсіпкерлердің қызметін мәжбүрлеу түрде тоқтату тек соттың шешімімен жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік қызмет кез - келген негізде тоқтатыла алады. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 49 бабы заңды тұлғаның сот шешімімен тарату жағдайларын қарастырады:

Соттың шешімі бойынша заңды тұлға:

1) банкрот болған; 2) заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған; 3) орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған; 4) қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асырған заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған, қызметін тиісті лицензиясыз не заңнамалық актілерде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған; 5) басқа да заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда таратылуы мүмкін. 6) жеке кәсіпкерге заңнамалық актілермен жасалған жұмыстардың тізімі,

тауарлардың түрлері мен қызметтерінің жеке кәсіпкерге немесе экспорт пен импорт үшін тыйым салынып не шектелген жұмыстарын бекіту. 7) заңнамада бекітілгендей мемлекеттік органдарды, лауазымды тұлғаларды, сондай-ақ басқа да тұлғалар мен мекемелерді кәсіпкерлердің қызметтеріне заңсыз кедергі келтіргендері үшін мүлдік жауапкершілікке тарту көзделген. Осыған тоқталып өтетін болсақ Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 922 бабы мемлекеттік органдардың, жергілікті басшылықтардың, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың жасаған зияндарының жауапкершілігін қарастырады. Мемлекеттік органдардың заңнамаға сәйкес емес шығарылған актілерінің кесірінен, олар сот шешімінің негізі бойынша, органдар мен лауазымды тұлғалардың кінәсінің болу не балмауына қарамастан зияндарының шығынын өтеулері керек. Зиян мемлекеттік қазынадан өтеледі. Заңсыз әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) тигізген зияндары осы органдардың құзырындағы қаражатпен өтеледі. Әкімшілік басқару саласындағы мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) келтірілген зияндары осы органдардың иелігіндегі қаражат есебінен өтеледі. 8) орындаушы, бақылаушы және қадағалаушы органдарына кәсіпкерліктің субъектілерімен келісім қатынастарына, осы органдардың атқару қызметіне жататын міндеттердің орындалуына тыйым салынады деп тоқталып өткен [2].

Мемлекеттік орган немесе оның лауазымды адамы жеке кәсіпкерлік субъектісіне тексеру жүргізудің белгіленген тәртібін бұзған жағдайда (тексеруді негізсіз тағайындау, акті шығармай және оны құқықтық статистика органында тіркемей тексеру жүргізу, құжаттарды заңсыз алып қою, материалдық құндылықтарды заңсыз түгендеу, өндірісті тоқтата тұру, артық анықтамалар толтыру, негізсіз сұрау салуларды талап ету және өзге де жағдайларда) өтеулі талап етілетін шығындардың көлеміне тексеруге арналған материалдарды дайындағаны үшін жеке кәсіпкерлік субъекті қызметкерлеріне төленген сыйақы соммалары, өндірістің мәжбүрлі тоқтаған уақытына жалақы, өндірісті тоқтата тұру салдарынан шығарылмаған тиісті тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу кезінде жеке кәсіпкерлік субъектісінің алуы ықтимал жіберіп алған пайда енгізілуі мүмкін [4, 92].

Кәсіпкерліктің субъектілерімен келісім қатынастарына түсу жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі талаптарына қарама - қайшы, Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 5 бабының 9 бөлімінде табыстау өкілеттілігінің осы қызметті атқаратын жеке және заңды тұлғаларды мемлекеттік реттеуге және бақылауға тыйым салады [5].

Қорынтылай келетін болсақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында тәжірибеде өтке көп кездесетін алуан қырлы мәселелер тоқталып өткенді жөн көрдік, яғни жер тілімдерін алу бойынша, салық заңнамасы бойынша, құқық қорғау немесе өкілетті органдар тарапынан заңсыз тексерулер бойынша, тексерулер барысында құқық бұзушылықтардың орын алу салдары бойынша, мемлекеттік кіріс департаменттер тараптарынан және екі жақтың міндеттерін орындамау себептері өте көп, соның ішінде:

1) кәсіпкерлік қызметтегі субъектілерінің көздеуі, күші бар заңнаманың аясында және келісім шартта жазылған міндеттердің орындалуына мықты кепіл қарастырылатындықтан, олар барынша тиімді пайда көруге тырысады;

2) шарттарды жасау және орындау барысында басшылармен басқа да мекеме жұмыскерлерінің заңды өз пайдаларында айналып өтіп, дұрыс емес мағлұмат беріп, өздеріне тиімді жағдайлар жасап, өздерін жауапкершіліктен шектеулері (әсіресе бұл бәсекесі жоқ ортада айқын анықталады);

3) даулардың көбісі заң білмеушілік себептерінен пайда болады, сондай-ақ көбінесе басшылар заңгер мамандарының ақыл – кеңестеріне жүгінбеу себептерден осындай құқық бұзушылықтар орын алып отырады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ) (өзгертулер мен толықтырулар 03.07.2017) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000124>\_

2 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі (өзгертулер мен толықтырулар 01.07.2017) / <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>\_

3 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 112 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 24

сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4625 болып енгізілді. (өзгертулер мен толықтырулар 27.04.2017) // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070004625\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070004625_)

4. Киздарбекова А. С., Асетова Г. Б. Кәсіпкерлік құқық: оқулық. - Алматы: Дәуір, 2011. - 272 б.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ (03.07.2017. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51009795](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51009795)

## **СУЩНОСТЬ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА И ЕГО МЕСТО В СИСТЕМЕ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

*Толеубай А., докторант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А.Букетова*

На рынке, как и в жизни вообще, люди вступают между собой в различного рода отношения. Они вступают в эти отношения непосредственно, т.е. как обособленные физические лица, и опосредованно, через различного рода группы, объединения физических лиц. В последнем случае такая группа или объединение действуют как единое целое, имеющее какие-то общие интересы, задачи, цели. В свою очередь эти группы опять же могут объединяться в новые группы и т. д. Объединения людей могут носить формализованный и неформализованный характер. В первом случае такие объединения получают статус юридического лица или иной разрешенный в силу законности статус, например, статус филиала, представительства юридического лица. Во втором случае они существуют без какого-либо юридического оформления [1, 13].

В соответствии со ст. 33 ГК РК «юридическим лицом» признается организация, которая имеет на праве собственности, хозяйственного ведения или оперативного управления обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде [2].

Юридическим лицом может быть организация, преследующая извлечение дохода в качестве основной цели своей деятельности (коммерческая организация) либо не имеющая извлечение дохода в качестве такой цели и не распределяющая полученный чистый доход между участниками (некоммерческая организация). Коммерческая организация может быть создана в форме государственного предприятия, хозяйственного товарищества, акционерного общества, производственного кооператива. А некоммерческая организация в форме учреждения, общественного объединения, акционерного общества, потребительского кооператива, фонда, религиозного объединения и в иной форме, предусмотренной законодательными актами. Каждое юридическое лицо действует на основе ГК РК, закона о каждой из форм юридических лиц, иных законодательных актов и учредительных документов [2].

Существуют различные критерии классификации юридических лиц:

- по форме собственности;
- по цели деятельности;
- по составу учредителей;
- по характеру прав участников;
- по порядку образования [3,45].

В зависимости от формы собственности, лежащей в основе юридического лица, выделяются государственные и частные (негосударственные) юридические лица. В данной классификации можно усмотреть прямую аналогию с принятым за рубежом делением организаций на юридические лица публичного и частного права.

Коммерческие и некоммерческие организации разделяются по тому, каковы основные цели их деятельности: извлечение прибыли, а также ее распределение между участниками, либо иные цели, не связанные с предпринимательством. По общему правилу, некоммерческие организации вправе осуществлять предпринимательскую деятельность лишь постольку, поскольку это необходимо для достижения их уставных целей. При этом они не вправе распределять полученную прибыль между своими участниками. В зависимости от состава учредителей выделяются: юридические лица, учредителями которых могут выступать только юридические лица, только государство, или же любые, за отдельными исключениями, субъекты права (все остальные юридические лица) [4,38].

Различный характер прав участников в отношении юридического лица позволяет классифицировать их следующим образом: